


17 Маусым, 2021

Ерлан ЖҮНІС

Қызығыш құс пен қөңқарға

Жастайынан қорғасын зауытында еңбек еткен Тәкен Әлімқұловтың ойы қай шығармасында да қорғасын бүлттардай қопарыла, қотарыла көшіп жатады. Соның бір белгісі де осы әңгімесінен көрінеді. Жалпы, Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесі – Махамбет өмірінің бір күнін ғана суреттесе де, сол бір күн арқылы бір ғұмырдың сырына терең бойлаған, әріден ойлаған, ақынның өмір-дерегі сығымдалып, нығыздалып, бірақ кеңінен қолданылған, әдеби троптарды молынан пайдалана отырып, шеберлікпен сомдалған, піскен, ширықкан әңгіме.



«Ақыраптың ұзак тұнінде Махамбеттің ұйқысы шала болды. Әлденеден көнілі алағаржақтанып, жүрегі өрекпіп, дөңбекшіп шықты. Құлқын сәріде төсектен тұрып, тысқа шығып еді. Үйінің жанында біраз тұрып қалды».

«Қараой» әңгімесі осы бір елегізулі күйден емеурін танытқандай болып басталады. Ол қандай күй еді? Махамбетті не алаңдатады? Бұл қай күн еді?

Бұл – 1846 жылдың 20 қазаны. Ақыраптың ақырғы түндерінің бірінде Ақжайық ақырап қалды. Ол зардың салмағы батысты ғана емес, бүкіл қазак даласының омыртқасын опырып жібергендей күйзелтті.

Ендігі күнде елсіз қалған құла түзге айналған Қараойда ақын Махамбет, батыр Махамбет бой тасалап жатыр. Оның бой тасалауының сыры – Орынбор қазақтарының батыс бөлігін билеуші Баймағамбет сұлтанның Махамбеттің басына тіккен бәйгесі. Ақынды өлтірген адамға – мың сом, басын кесіп алған келгенге бес жұз сом сый тағайындаиды. Жандайшабы көп жасқаншақ заманда, корқауы көп қорғаншақ заманда бұған сұранған кісінің қарасы аз болсын ба? Екінің бірінің езуінен су ағады. Бірақ батырдың үстіне басып кіруге кімнің дәті жетіп, батылы барсын? Алса, айламен алар, қайламен соғып ала қояр көп кісінің бірі Махамбет емес қой. Ал айланы кім істейді, айдаладағы кісінің бірінің алдауына түсіп, арбауына байланар шактан ақын өтіп кеткелі қашан.

Айланы жасар адамыңыз да сол, Махамбеттің өз туысы Ікылас Төлеуұлы. Махамбеттің ішкі арпалысын, ішкі арпалыстан туған іркестіркес ойларын көгендей отырып, жазушы Махамбетті елмен астарластыруши, жұртпен жалғастыруши осы Ікылас екенін сездіреді.

Сол Ікылас Төлеуұлының «тәтті ұрттылығын» айта отырып, бір жұма бұрын батырмен қоштасарда: «Мака, сізді қалың ел қорғаштауда. Келер жолы сенімді кісілерді ерте келмекпін», деген.

«Бұған иланған Махамбет жансыз жолаушының артынан сүйсіне қарап тұрғанда, оның құдірейген жауырынынан құдік алған қалып еді. «Мына сұнғыла мырс-мырс күліп бара жатқан жоқ па?» деп сазарған. Енді ойласа, содан бері көңілінен қемескілік арылмаған екен. Бұғін түнде үйқысының шала болуында дүдәмалдықтың дерті жатқандай» деген жолдардан Махамбетті алаңдатқан күйдің астарын көреміз. Ікыластың «құдірейген жауырынынан құдік алуының» сыры да тым алыста жатыр.

Тәкен Әлімқұлов әңгіменің ақырғы түйінінде: «Махамбеттің жүйрік күрені қара беттің астында ойнакшып шыға келді», дейді. Міне, осы қара бет – құдірейген жауырынды, іштен шыққан сатқын Ікылас. Әңгіме тақырыбы жердің атымен ғана Қараой аталып отырған жоқ, сол тұстағы

заманның зар күйі, адамның дүшпандығы мен сатқындығы, ІҚыластың екіжүзділігі де – қараой деп беріліп отырғанын түсінеміз.

Тағы бір паралелль – қызғыш құс пен көңқарға.

Есік алдында ойланып тұрған Махамбеттің тәбесін айнала ұшқан бармақтай ғана қызғыш құсты жазушы «әуеде ұшқан қызғыш: «екеуміздің тағдырымыз бір» дегендей, қанатымен бәйек болады» деп суреттейді.

Махамбет жырларының ішіндегі бітімі бөлек, психологиялық паралелизм әдісінің классикалық ұлғасы саналатын «Ау, қызғыш құс» жырындағы құсты жазушы әнгімеде жай қолданып отырған жок.

1846 жылдың 20-шы қазаны Махамбеттің құсалықпен өткен көп күнінің ақырғысы, аманат шағы, соңғы сәті. Екі тарлан бөрінің бірі болған Исадай жок, Исадай өлген, Исадайды өлтірген – итаршылық.

Қызғыш құс – сол замандағы Махамбеттің ғана емес, күллі қазақ баласының, қайғырған жүрттың, бодандықтың бопсасында кетіп бара жатқан елдің символы. Ал оған қарама-қарсы беріліп, соның антиподы болып отырған құс – көңқарға.

Аулакқа шығып, абдырап тұрған Махамбет «Ат үстінде талай ой кешті. Сонау қырандарды жайлапан қалың ел сүмбіледе осы Қараойға құлап, айнала қоныс тебетін шақ еске түсті. Жаз сонының желігі, күз басының қамы той-думанымен, қарекет-қарбаласымен көз алдынан шұбырып өтіп жатты. Осы шақта Махамбеттің үстінен көңқарға қарқылдады. Ертеде шаруалар қыстауға қарай ойысарда «көңқарғасы түскір кеп қапты ғой» десуші еді».

Міне, тағы да сол күз, тағы да сол жетім қалған құла тұз, тағы да қарқылдаған көңқарға. Бірақ бұл көңқарға әкесі Өтеміс бидің тірі кезінде, кедейлік пен кемдіктің белгісіндегі болып қарқылдаса, бұл жолы – сатқындық пен залымдықтың, аярлық пен айлакерліктің, қорқаулық пен қомағайлықтың символы секілді еді. Көңқарғаның бұл қарқылы ІҚылас бастаған топтың таяп қалуының нышаны ретінде көрсетіледі.

Махамбеттің ішкі сезігі мен күдігі оны алдаған жок. Әрі-сәрі күйге түсірсе де, әріден ойлап, бір сүмдышқың боларын өзі де білгендей еді.

Жалпы, әнгіменің өн бойында осы сезік пен күдіктің қатар өрілуін, қатар берілуін анық байқайсыз.

Махамбеттің шала үйкеси, одан кейін «үй жанында ұзатар қыздай ұзак тұрып қалғанын енді ғана байқады. «Ау, шынында да, маган не көрінді?!» дейді дегбірсізденіп. Қөргеніне қызығады, көргенінен шошиды. Денесінде қызу бар ма, қалай? Елірмесі бар баладай бол тұруы», Ықыластың кешігуінен секемденуі, оның күдірейген жауырынының көз алдынан кетпей қоюы, қызғыштың ұшып келуі, көңқарғаның қарқылдауы, жары Әуестің жайсыз түс көріп, оны жорымашы, барлауға кеткен баласының Бозадырдың саяндарынан жылқының жас тезегін көруі, Әуестің келген қонақтардың жүрісін жаратпай «Бесінде моладан қайтқан сүйекшідей мимырт жүрістерін ұнатпай тұрмын» деуі, оның үйді айнала жүгірген баласына «үйді айналма. Жаман болады» деуінен кайта күдіктенуі, Ықыластың бір сәтте сонша бауырсақ бола қалып, баланы иіскеуі, Ықыластың шегір көзінің тұманданып тұруы, Жаңаберген бидің келіп, Махамбетке жақын кіслігі мол Төле бергеннің келмеуі, Жаңаберген бидің Исатайдың рухына бағыштап оқып отырған сүресінен жаңылуы, не керек, соның бәр-бәрі бір сұмдықтың боларынан сүйт хабаршыдай еді. Батыр соны сезсе де, секем алмай, түйсінсе де, түйіле қалмай, ақыр сонында жаралы арыстандай аласұрып, жауға тізгінді беріп қойды.

Кейін, сол жылдың 5-ші қарашасында Баймағамбет сұлтан Орынбор шекаралық комиссиясына хат жазады, хатта: «Мен шекаралық комиссияның талабына байланысты Махамбетті тұтқынға алу мақсатында 15 адамнан жасақ құрдым. Ол жасақта Ықылас Төлеев, Жұсіп Өтеулин, Жаңаберген Боздақов, Төрежан Тұрымов және Махамбеттің ағайыны, Мұса Нұралиндер болды. Жасақ Махамбет ауылына жарты шақырымдай қалғанда киіз үйден Махамбеттің інісі Хасен және бес қазаққа қосылып Махамбет те шыкты. Олар кашу мақсатында үй сыртынан қашықтау жерде байлаулы тұрған аттарына қарай беттеген мезгілде Төрежан Тұрымов атымен шауып барып, Махамбеттің байлауда тұрған атын босатып жібереді. Махамбет жасақшыларға қарсыласып, қолындағы қанжармен ұмтылғанда Жұсіп Өтеулиннің қанжарды қағып қалу мақсатында жазатайым тиген бір ғана шоқпар соққысынан қазатапты» деген акпар беріледі. Бұл хабарламадан Махамбеттің өлімі кездейсок болды, ойымызда оны тұтқындау ғана бар еді дегендегі ой көрінеді, бірақ мұның бәрі де алдын ала ойластырылған, ымыраласқан, жымдасқан, жымындастасқан құлықтың, жебір сұмдықтың шаруасы еді. Келесі жылы-ақ Баймағамбет сұлтан осы қызметі үшін Ақпатшадан генерал-майор атағын алады. Бірақ тарих соның ракатын да көріп үлгермегенін айтады. Петербордан қайтып келе жатқан жолда

Махамбеттің жақтастары ұйымдастырыған шабуылдан сұға кетіп, қазатапты.

Ал әңгіменің «Қараойдың үстінде көңкарға мен қызғыш ұшып жүрді» деп түйінделуі кісі баласын әлі күнге дейін еріксіз көкке қарататыны несіекен?!